



**Автор:** Темірбекқызы Баршагүл

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 8-сынып


**Бөлім:** Компьютер мен желілердің техникалық сипаттамалары

**Тақырып:** Ақпаратты өлшеу. Алфавиттік әдіс

|                      |  |
|----------------------|--|
| Оқу мақсаттары       | 8.2.1.1 ақпарат көлемін анықтауда алфавиттік және ықтималдық амалдарын қолдану   |
| Сабақ мақсаттары     | Барлық оқушылар: Ақпарат дегеніміз не екенін, ақпарат көздерін айтаалады.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Байт, килобайт, мегабайт, гигабайт - ақпараттың өлшем бірліктерін біледі.<br>Кейбір оқушылар: Өлшем бірліктерін түрлендіре алады. Мысалы: байтты килобайтқа айналдыру.  |
| Бағалау критерийлері | Ақпаратты сақтаудың сандық құрылғыларын анықтайды;<br>Сыртқы есте сақтау құрылғысы қандай мақсаттарда қолданылатынын анықтайды, деректерді сыртқы есте сақтау құрылғыларында сақтайды;<br>Сыртқы есте сақтау құрылғысында сақталатын деректердің қолжетімділік жылдамдығы мен көлемдерін салыстырады;<br>Мәтіннен негізгі қасиеттерді таңдайды ;<br>Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау. |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері             | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|-----------------------------|---|-----------|
| Сабақтың басы<br>(10 минут) | <i>Ұйымдастыру бөлімі.</i><br><b>«Мен іздеймін» әдісі</b> Мақсаты: оқушыларды қызықтыру, сабақтың тақырыбын анықтау сипаттамасы.<br><i>Үй тапсырмасын тексеру</i><br><b>Кездейсоқ тәсілі:</b> Шарты:қағаз ұшаққа сұрақтар жазылып басқа адамға бағытталады. Сыныпты Гигабайт және Терабайт деген жазулар қиындысы арқылы 2 топқа бөлу, топ басшыларын сайлау.<br>1. Ақпаратпен жұмыс істеу негізгі қызметтері болатын мамандықтардың мысалдарын келтіріңіз.<br>2. Ақпараттық үрдістің үш негізгі түрін атаңыз.<br>3. Неліктен біз «жатқа білетін» ақпаратты жедел деп атаймыз?<br>4. Сіз білетін жедел ақпаратқа мысал келтіріңіз.<br>5. Сіз ақпараттың көзі және қабылдаушысы бола алатын жағдайға мысал келтіріңіз.<br>6. Бүгінгі таңға дейін көбінесе қандай рөлді жиі атқардыңыз? |           |

| Сабақкезеңдері                | Жоспарланған іс-әрекет  | Ресурстар |
|-------------------------------|---|-----------|
| Сабақтың ортасы<br>(25 минут) | <p>Топтағы әрбір оқушының қолына «<b>Жаңа валютаны</b>» беру. Сабақтың өтілу шартын түсіндіру .</p> <p>Егер 500 доллар жинаса бағасы 5 т.с.с. Әрбір топқа күнделікті өмірде қолданатын өлшем бірліктерін жазу, салу үшін постер беріледі. Соларқылы оқушылар постер қорғауға дайындалады. Топтағы әрбіроқушының қолдарына «<b>бағалау парағы</b>» беріледі. Оқушылар бірін-бірі бақылап топта жұмыс жасайды.</p> <p><b>Зерттеушілік жұмыс</b> сыныпты топтарға бөледі, қосымша 1 үлестіріп, кестені толтыруларын бақылайды. Қажет жағдайда көмектеседі. Ұсынған материалға сүйене отырып зерттеу жүргізеді және кестені толтырады.</p> <p><b>ДК орындалатын тапсырма</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдын-ала «ДК орындалатын тапсырма. Сыртқы жадының классификациясы.rpt» файлын дайындайды.</li> <li>2. оқушы компьютеріне жүктейды немесе желіден көшіріп алуды ұсынады.</li> <li>3. файлды қайда сақтау керек екендігін еске салады.</li> </ol> <p><b>Қосымша тапсырма.</b></p> <p>Қосымша тапсырма үшін ҚБ немесе дифференциацияға қолдануға болады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.1 Гбайт көлемді ақпаратты дискетаға жазу үшін қанша дискета қажет екенін анықтаңыз.</li> <li>2.2 млн символды сақтау үшін қанша жады көлемі қажет екенін анықтаңыз. Осы ақпаратты сақтау үшін қанша дискета қажет ?</li> </ol> |           |
| Сабақтың соңы<br>(5 минут)    | <p><b>Үй тапсырмасы</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Сіз оқыған сақтау құрылғыларының артықшылықтары мен кемшіліктерін дәптерге жазыңыз.</li> <li>2.Blu-ray Disc-ті зерттеңіз (ізденімпаз оқушылар үшін)</li> </ol> <p><b>"Білім шкаласы"</b> Мақсаты: тақырыпты түсіну бойынша өзін-өзі бағалау</p> <p>Сипаттамасы: Рефлексия негізінде талдау жасайды және сәйкесінше қорытынды жасайды.</p>   |           |